



Автор: ЕРМАХАНОВ АЛТЫНБЕК ОҢҒАРБЕКҰЛЫ

Пән: Қазақ тілі (Т1)



Сынып: 7-сынып

Бөлім: Музыка өнері және қазақтың киелі домбырасы

Тақырып: Қазақтың ұлттық аспаптары

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	7.Ж2. Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала, нұсқаулық, әңгіме құрастырып жазу. 7.ӘТНЗ.Фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану
---	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (9минут)	Қызығушылықты ояту, сабаққа болжам жасау. Оқушылар үстел үстінен өзіне ұнаған ұлттық аспап суретін алады. Содан соң сол суреттің анықтамасын іздейді. Сыныпқа таңдаған аспабын түсіндіреді. Балалар сабақ тақырыбын болжайды. Суреттер:     	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (28-минут)	Сұрақтар: 1. Фразеологизм, мақал-мәтелдерді қалай түсінесіңдер? 2. Мақала деген не, ол қалай жазылады? 3. Нұсқаулық деген не, ол қалай жазылады? 4. Әңгіме туралы не білеміз? Кері байланыс: * Фразеологизм, мақал-мәтелдерді түсініп қолданады. * Мақала, нұсқаулық, әңгіме жанрлары туралы ойлары тыңдалады. Үстелге тапсырмалар қойылады. Оқушылар өз қалауымен тапсырма таңдайды. Сол тапсырмалар түрінеорай үш топқа топтасады. Топтарға тапсырма ұсынбас бұрын 1- топқамақал туралы, 2-топқа фразеологизмдер туралы, 3-топқа ертегі әңгіметуралы нұсқау-ережелер таратылады. Олар топта талқылай отырып, нұсқау-ережені түсінеді. Содан соң тапсырма беріледі: 1-топ: Мақала - қоғамдық-әлеуметтік мәселелер туралы жазылған публицистикалық жанрдағы шығарма. Публицистикалық мақала қоғамдық-әлеуметтік және саяси маңызы зор оқиғалар мен құбылыстарды, дәуір тынысын көтеріңкі үнмен, көркем тілмен баяндайды. 2-топ: Фразеологизм - семантикалық (ішкі мағыналық) жағынан бір-бірімен байланысқан сөз тіркестерімен сөйлемдердің ортақ атауы. 3- топ:Әңгіме, әдебиетте — оқиғаны қара сөзбен баяндайтын шағын көркем шығарма жанры. Әңгіменің жанрлық ерекшеліктері оқиғаны баяндау тәсілі, композициялық, сюжеттік құрылысы, көркемдік жүйесі арқылы айқындалады. Әңгіменің көлемі шағын, кейіпкерлер саны аз, сюжет ұйытқысын құрайтын оқиғаның басталуы, шарықтау шегі мен шешімі болады.Нұсқаулық - әлденені орындау, жүзеге асыру тәсілі мен тәртібін бекітетін тәртіптер жинағы, жалпы алғанда нұсқау.«Таныстыру» әдісі. Тапсырма: 1-топ: Шетелдік қонақтарға қазақтың ұлттық саз аспаптары сыбызғы, кепшік, домбыра, асатаяқ, қобыз, жетіген, желбуаз, ұран, даңғыра, уілдек, сылдырмақ т.б аспап атауларын таныстыру мақсатында және күйлерінің шығу тарихы туралы топта шағын мақала жазыңыздар. (Қазақтың халық музыка аспаптар мұражайына саяхатты алуға болады) 2-топ: Белгілі бір аспапта ойнау (қалай отыру, аспапты қалай ұстау т.б) туралы нұсқаулық жазыңыз. 3-топ: Ұлттық аспаптар домбыра, қобыз, сыбызғы, даңғара, үскірік, кепшік, шаңқобыз, жетіген туралы шағын әңгіме ертегі құрастырыңыз. Үш топ жұмысты орындап болған соң, сағат тілімен карусель әдісімен келесі топ жұмысымен танысып, одан соң үшінші топ жұмысымен танысып, топтарына оралады. Кері байланыс: * Оқушылар нұсқаулық, мақала, әңгіменің анықтамасымен танысады: * өздері критерийге сай мақала, әңгіме, нұсқаулық жазып шығады; * Фразеологизмді түсініп қолданады.Әр топ жазба жұмыстарынан түйгендерін, яғни әр стиль бойынша анықтамалықты салыстыру кестесіне түсіреді.	
Сабақтың соңы (3 минут)	Сабақтың соңында оқушылар:Үйренгендері туралы ойланады1.Менің түсінгенім... 2.Менің үйренгенім... 3.Менің ұсыныстарым... Бағалау. Топтар бір-біріне комментарий айтады, бағалау критерийіне сай бағалайды. 5e12cd6da77ed.png Бағалау критерийлеріне сай бағаланады. Image not found or type unknown	